**Автор**: Байтымбетова Гаухар Курманалиевна
**Пән**: Математика
**Сынып**: 3-сынып
**Бөлім**: Формуланы табу
**Тақырып**: Фигуралар салу

---

| | |
|---|---|
| Сабаққа негізделген оқу мақсаты: | 3.3.1.5 берілген ауданы бойынша торкөзді қағазға жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру |
| Сабақ мақсаттары: | **Барлық білім алушылар**: Торкөз бетіне жазық фигураларды салу.<br>**Білім алушылардың басым бөлігі**: Берілген параметрлер бойынша фигура салу.<br>**Кейбір білім алушылар**: Фигураның пішіні өзгергенде оның ауданы қалай өзгеретінін түсіндіру. |
| Тілдік мақсаттар: | Тілдік дағдылар:<br>Фигураларды салу.<br>Терминология: Фигуралар, салу.<br>Талқылау:<br>- Тіктөртбұрыштың ауданын қалай табу керек?<br>- Тікбұрышты үшбұрыштың ауданын қалай табу керек?<br>Жазылым:<br>Есептің шешуін жазу. |
| Құндылықтарды дарыту: | Өзарасыйластық, жауапкершілік, еңбекқорлық. |
| Пәнаралық байланыстар: | Жаратылыстану. |
| Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім: | фигуралар салу. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| басталуы:<br>(5мин.) | Ынталандыру.<br>- Адамдар бұрынғы кезден өлшейтін және сызатын құралдарды қолданған. Біздің кезімізге дейін жеткен құралдар бар ма?<br>Олар қандай деп ойлайсыңдар? | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Ортасы:<br>(30мин.) | Өзектендіру. Суреттерді қараңыздар. Параллель және параллель емес түзулерді атаңыздар. Мұны қалай дәлелдеуге болады?<br>5e1d99deb7898.png<br><br>Image not found or type unknown<br>**Мақсат қою (мәселелі жағдаят)** Бүгін біз өз білімімізді нақтылаймыз, әрқайсыңыздың басыңызда туындаған қандай да бір қиындықты тауып, оны түзейміз.<br>**Өзіндік жұмыс** Оқушылар 2-ші мен 3-ші тапсырманы орындап, нәтижесін эталонмен салыстырады. Қиындықтарды түзету<br>Мұғалім орындалу барысының дұрыстығын тексереді.<br>– Кімде қиындық туындады?<br>– Сіз қай жерде қате жібердіңіз?<br>– Қате кетудің себебі неде?<br>– Егер өзіндік жұмыста ешқандай қиындық туындамаса, өз іс-әрекетіңіздің мақсатын құрастырыңыз. (Қосымша тапсырма орындау).<br>– Қиындық туындаған балалардың әрі қарайғы мақсаты қандай?<br>(Қатені түзету). –<br>Қателерді түзету алгоритмін қолданамыз.<br>– Әркім өз оқу мақсатын айтады.<br>Мұғалім бағалау критерийлері бар тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Мен:<br>– параллель және қиылысатын түзулер сызуды,<br>– тіктөртбұрыш және шаршы (берілген қабырғалары бойынша) салуды;<br>– циркульдің көмегімен шеңбер сызуды;<br>– нүктелі қағазда қиылысатын жазық фигуралар сызуды және олардың қиылысуы мен бірігу нүктелерінің ауданын табуды білемін.<br>**Өткенмен жұмыс**. Баланың білім деңгейіне қарай мұғалім жеке-жеке тапсырма береді. **Өзіндік жұмыс**. Балалар тапсырманы таңдау бойынша орындайды: симметриялы фигуралар, дөңгелектен жасалған өрнектер салады және дайындайды. | |
| Аяқталуы:<br>(5мин.) | Рефлексия.<br>– Сабақтың басында алдымызға қандай мақсат қойдық?<br>– Осы мақсаттарға жете алдық па?<br>– Сіздерде қиындық туындаған ба еді?<br>– Сіз оларды өте алдыңыз ба?<br>– Бүгінгі сабақ несімен қызықты болды?<br>Өз жұмысын жетістік сызғышының көмегімен бағалауды ұсынады.<br>Үйге тапсырма: 5-тапсырма, 40-бет. | |